

Ә. ОРАЛБАЕВ

ҮЙРЕНУТЕ ҮЛГІ ҮРДІСТЕР

Жапон әдебиеті жаһанға белгілі әдебиет. Ізі VIII ғасырға кететін жапон әдебиетінің дәстүрі сарай маны қаламгері, жапон қызы Мурасаки Сикибу жырлаған «принц Гэндзи» мен екінші бір өйел жазушы Сэй Сёнағоннан басталады. Кенес оқырмандары Мори Огайдың, Нацумэ Сосэкидің, Акутагаваның, Тосонның, Мисимо Юкионың, Муракамидің, Банани Ёсимотоның және Оэ Кэндабуроның шығармаларын біледі, бұлардың туындылары толық, жартылай көлемде орыс тілінде жарық көрген. Соның ішінде Нобель сыйлығының иегері, атақты қаламгер Оэ Кэндабуроның «1860 жылғы футбол» деген романы 1984 жылы Мәскеуде жарық көрді. Бұл жазушы өзін Достоевскийдің тікелей шекіртімін деп санаған, тіпті 15 жасында атақты жазушының хрестоматиясын құрастырып шығарған. Аталмыш романның жапон жүртіна ұнаганы сондай «1860 жылғы футбол» бір жылда 11 рет қайта басылған. Роман Американың Хиросима мен Нагасакиге тастаған атом бомбаларынан кейін, 1960 жылы Америка мен Жапонияның «Қауіпсіздік келісімшартына» қол қоюына қарсы жазылған. Жапон жастарының болашағы туралы жан жүргіндегі аланды ашық айтқан қаламгер адам бойындағы жоғары идеал – адамгершілікке жасалған сатқындықты әшкереlegен.

1959 жылы Эбіш Кекілбаев жапон поэзиясының әр буын өкілдері Иссаның, Нюдо Саки Дайдзейдайдзиннің, Сайге Хосидің, Итикава Тонудокидің жекеленген жырларын қазақшаға аударған. Ал жапонның атақты ақыны Басёні қазақ оқырмандары жақсы біледі. Оны аударып жүрген ақындар бар, солардың ішінде осы жолдардың авторы да бар. Және осы сапар барысында оқырман аз да болса, жапон поэзиясының жай-күйін ұғынсын деген оймен осы елдің белгілі ақындарының бірнеше хайкуларын қазақшаға аударып бере кеткенді жөн санаймыз.

Жалпы Жапонияны «лирика елі» елі деп те атайды. Адамдарын былай қойғанда, табигатының өзі та-мылжыған лирика сияқты. Әсіресе сакурасы гүлдеген кезде мұнда сегіз кыңыш шартараптан жолаушылар ағылады. Бәрі де сакура гүлдеген кезеңді көруге ынтық. Көрген адам оны жыр етіп айттып, сыр етіп жеткізеді. Әнгіме, айта білуде шығар. Әйтпесе біздің де елде шие гүлдеген шырайлы да шуакты жерлер аз емес қой. Бірақ жапондар осынау сәтті маржандай мәңгілік лириканың арқауына айналдырған. Бәлкім, тіршіліктің үзілмес жырын сакура арқылы саянышқа айналдырған нәзік ел осы арқылы да өзінің басқа елдерден ерекшелігін көрсеткісі келген болар.

Өзуелі Басёден бастайын.

БАСЁ (1644–1694)

**

Ай дегенін – ақ қазық...

Алды жайлау жап-жазық,
Тауға қон да, дамылда.

**

Көктемдегі бүрін жарған шиелер,
Менің мұным – тыңдай алсан қүй егер,
Өлең-қабым ән-жырымды жасырды.

**

Ғұмырымның асқар шыны түсінсін,
Калпағымды мая шөпке түсірсін,
Азғана сәт аялдайын дамылдап.

**

Құз дегенін келеді ғой сыйырлап,
Желіккен жел жеткізеді тың ырғак,
Төсегім де салқын тартып барады.

БОНТЕ (?–1714)

**

Қала деген саясы жоқ қапырық,
Ауыр тыныс алғызады жапырып,
Жазғы айдың жетімсіреп сөулесі...

**

Бес-алты ағаш кесіліпті тірілей,
Жатыр суда, қалай қалар шірімей,
Отжағарды кемерлетіп басты су...

КЁРАЙ (1651–1704)

**

Ұшқан шөптің тұқымдары төгіліп,
Құзғі шалғын қалыпты ғой көміліп,
Кешкі құйын салқын екен...

**

Сарт етті бір егеуқүйрық қақпаны,
Тышқан қақпан бәлкім олжа тапқаны,
Ал бұл үйде егеуқүйрық жоқ екен.

Бұл өлеңдерді орыс тіліне аударған жапон поэзиясын зерттеушіғағылым, ақын В. Маркова.

Жапон поэзиясында жылдың төрт мезгілін жырлау – үлкен үрдіске жатады екен. Бұл ақындардың бір-бірінен озар шеберлігі мен таланттын да көрсетеді. Жылдың әр мезгілін жырлауда жапон ақындары жыр жарысына түсіп, бір-бірінен шеберлік арттырады. Оқырман ақындарды осынысина қарап та мықты не осал деп бағалайды. Сондықтан жапон ақындары үшін жылдың қай мезгілінде де шабытты шақта жүру – жүйріктің қай кезде де жарыска дайын екендігіндей сын. Енді осы айтылғандарға аз-кем назар аударып көрелік. Көктем қалай жырланады?

ЁСА БУСОН (1716–1784)

Көктемгі теңіз –
Бұырқанып бой көтерді толқындар,
Күні бойы көктем әнін ол тындар.

**

Күн батып барады –
Шулатады қанаттарын бірқазан,
Көктемгі тау көп дауысты, шулы азан.

КОБАЯСИ ИССА

**

Көктемгі жаңбыр –
Жыртып-жыртып тасталынған хат сынды,
Ондағы сөз енді бөтен, жат сынды.

**

Тас будданы карашы,
Ұйықтап жатқан жанды оятар күйін бар,
Гүл бүркүрап, сынғырласа тындар.

ООСИМА РЁОТА (1718–1787)

**

Таңғы самал.
Бозторғайдың әні биік, тым алыс,
Аспан жакқа асығады мың ағыс.

МИДЗУХАРА СЮУООСИ (1892–1981)

**

Қарлы шындар.
Сакуралар гүлін ашты, құлпырды,
Тыныштықта үйіған бір мұң тұрды.
Жазғы жырдың тынысын сезініңіз.

ЁСА БУСОН

**

Қысқа нөсер!
Асып-сасып қалды білем торғай да,
Жапырақты жамылуға болмай ма?

КОБАЯСИ ИССА

**

Кешкі шапақ, қарлығаш.
Жүргегінде ертөнгі күн амалы,
Кеудесі оның көп күдікке толады.

КАВАБАТА БОСЯ (1900–1941)

**

Жанады да сөнеді,
Ғұмыры оның өте қысқа кебелек,
Өкпесі көп мына өмірге не керек.

НИСИДЗИМА БАКУНАН (1895–1951)

**

Калейдоскоп секілді,
Өзгереді өмірімнің беттері,
Қарттық жетті, кімге айтамын өкпені.

Күздің бояуларына да назар аударалық. Өйткені жапон поэзиясы табиғат тамыршысы, жүрек өміршісі.

ООСИМА РЁОТА

**

Күздегі ай.
Мен де өлемрін, көңіл соған бекінді,
Тауда өлген қарағайлар секілді.

МИУРА ЮДЗУРА (1729–1783)

**

Күн батуда.
Кешкі күннің әлсіреген шапағы,
Шегірткелер ұшып-конып жатады.

ЯМАГУЧИ СЭЙСОН (1892–1989)

**

Күзгі тоғай.
Қарақұмық гүлдері де сольшты,
Бұллтар құсан бір-біріне жолықты.

Қыс та келді. Жапон қысы, әрине жұмсақ. Токиода болған кездесулерде Жапонияның қос палаталы парламентінің төрағалары Т.Йокомичи мен С.Эда биылғы қыс біздің елде қатты болды деп бірнеше рет айтты. Сөйтсе Токиоға қар бұл жылы екі рет жауған екен. Осындағы кездесулердің бірінде, әзіл сөздің ынғайында делегация басшысы Мемлекеттік хатшы – Сыртқы істер министрі «біз сіздерге экспортқа көп қар шығара аламыз» деп оларды бір құлдіріп тастады. Бұл кезде еліміздің солтүстік және шығыс өңірлерінде көктем қарсаңында тұтқылдан боран соғып, қытайғы қытымыр да қатал қыстың соңғы аккордтарын одан сайын мазасыз мажорлы ырғакқа салып, әбігерді алып жатқан болатын. Бейнеткеш бауырларымыздың қыспен алты ай бойы айқасқан жекпе-жегі өлі де шегіне жеткен жок. Таулар да қар тасқының бүркүратып, «жау жағадан алғанда бөрі етектеннің» кебін келтірді. Біздің қысты жырлауымыз бөлек. Жапон ақыны Нодзава Сәцуко қысты былай суреттейді:

Ауыр қарлар жауады.
Таусылғасын амалы...

Аспан мен жер бірге тыныс алады. Жапонның екінші бірақыны Муро Сайсай жақындаған жаңа жылды өлеңмен былайша қарсы алады:

Жана жылда...

Таулар-дағы қатарласа тізілген,
Ақша қарлар оған қарап сүзілген.

Қытымыр қыстан кейін мөлдіреп қоктем де жетеді. Жапонияға оны алғаш алып жететін тырналар. Бұл елде тырналар қасиетті құс. Ұшактары мен биік ғимараттарының қабырғаларында тырналардың суреттері тізілп салынады. Жазушы Әбіш Кекілбаев жапон елінде болған жолсапар жазбаларын «Тырау, тырау, тырналар» деп неге атағанын енді түсіндік. Жапон поэзиясының қазіргі көрнекті өкілдерінің бірі, ел поэзиясын шет елдерге танытып, таратуда көп еңбек сініріп жүрген ғалым-профессор, Нагоя қаласындағы университеттің ұстазы Миура Юдзура шығармаларында тырналар бейнесі көп кездеседі.

Таңмен бірге...

Жеткізгендей бір хабар,
Тыраулайды, тыраулайды тырналар, —

дейді ол бір хайқуында. Өлеңнің ішкі құйылысы мен әуені қазақ жырымен қанаттас. Бұл өлеңдерді орыс тіліне аударған белгілі ақын Александр Белых.

Резюме

В данной статье анализируется и научно рассматривается поэзия Японии. Как воспеваются истина времени, духовно-творческая связь и взаимодействие между временем и писателем в произведениях известных поэтов страны, живущие в разные эпохи. Как на языке поэзии описаны реалии современности и общества, своеобразность и пути тематического, художественного, идеального, содержательного поиска, достижения и успехи в творчестве японских поэтов на основе стихов хайку.

Summary

This article presents theanalysis of the Japanese poetry. It raises the truth of time, cohesion of soul and art, the interaction of time and writer in poesy of many famous authors, who lived in different epochs of this country.

Поступила 6.05.2010 г.